

**Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізуді қосымша реттеу туралы қағидаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2016 жылғы 1 сәуірдегі № 12 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 5 мамырда № 6321 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2020 жылғы 21 шілдедегі № 494 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 21.07.2020 № 494 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" 1995 жылғы 17 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес Қостанай қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу мақсатында қоса беріліп отырған жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізуді қосымша реттеу туралы қағидалары бекітілсін.

2. Қостанай қалалық мәслихатының кейбір шешімдері осы шешімнің қосымшасына сәйкес күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы, № 6 сайлау округі бойынша депутаты  
Қостанай қалалық мәслихатының хатшысы*

*С. Шуменбаев*

*Б. Сандыбеков*

"Қостанай қаласы әкімдігінің  
ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ 3. Жилкибаева

Мәслихаттың  
2016 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 12 шешіміне қосымша

## **Қостанай қалалық мәслихатының күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. Мәслихаттың 2005 жылғы 21 қазандағы № 189 "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу үшін тәртібі мен орындарын қосымша реттеу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №9-1-28 тіркелген, 2005 жылғы 8 қарашада "Қостанай" газетінде жарияланған).

2. Мәслихаттың 2009 жылғы 1 қазандағы №237 "Мәслихаттың 2005 жылғы 21 қазандағы №189 "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу үшін тәртібі мен орындарын қосымша реттеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №9-1-133 тіркелген, 2009 жылғы 10 қарашада "Қостанай" газетінде жарияланған).

3. Мәслихаттың 2010 жылғы 20 қазандағы №347 "Мәслихаттың 2005 жылғы 21 қазандағы №189 "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу үшін тәртібі мен орындарын қосымша реттеу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №9-1-155 тіркелген, 2010 жылғы 07 желтоқсанда "Қостанай" газетінде жарияланған).

Қостанай қалалық  
мәслихатының  
2016 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 12 шешімімен бекітілген

## **Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізуді қосымша реттеу туралы қағидалары**

1. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органына (бұдан әрі – Қостанай қаласының әкімдігі) өтініш беріледі.

2. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы өтініштерді еңбек ұжымдарының, қоғамдық бірлестіктердің немесе Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген топтарының он сегіз жасқа толған уәкілдері береді.

3. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы өтініш оны өткізудің белгіленген датасынан кемінде он күн бұрын жазбаша нысанда беріледі. Өтініште шараны өткізу мақсаты, нысаны, өткізілетін жері немесе қозғалыс маршруттары, оның басталатын және аяқталатын уақыты, қатысушылардың ықтимал саны, уәкілдердің (ұйымдастырушылардың) және

қоғамдық тәртіптің сақталуына жауапты адамдардың тегі, аты, әкесінің аты, олардың тұратын және жұмыс істейтін (оқитын) жері, өтініштің берілген датасы көрсетіледі. Өтініштің берілген мерзімі оның Қостанай қаласының әкімдігінде тіркелген күнінен бастап есептеледі.

4. Қостанай қаласының әкімдігі өтінішті қарайды және өтініште көрсетілген шараның өткізілетін уақытынан кемінде бес күн бұрын уәкілдерге (ұйымдастырушыларға) қабылданған шешім туралы хабарлайды.

5. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу туралы өтініш беру кезінде осы Қағидалардың 3-тармағының талаптары сақталмаған жағдайда Қостанай қаласының әкімдігі жіберілген бұзушылықтарды жаңа өтініш беру жолымен жоюды ұсына отырып, түсіндіру мазмұнындағы ресми жауап қайтарады. Жаңа өтінішті қарау мерзімі оның тіркелген күнінен бастап есептеледі.

6. Қостанай қаласының әкімдігі басқа азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық қауіпсіздікті, сондай-ақ көліктің, инфрақұрылым объектілерінің қалыпты жұмыс істеуін, жасыл желектер мен шағын сәулет нысандарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында, қажет болған жағдайда, өтініш жасағандарға шараны өткізудің өзге уақыты мен жерін ұсынады.

7. Жиналыстар және митингілер өткізу орындары осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

8. Шерулер және демонстрациялар өткізу маршруттары осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

9. Жиналыстар, митингілер, шерулер және демонстрациялар, сондай-ақ оларға қатысушылардың сөз сөйлеуі өтініште көрсетілген мақсатқа сәйкес, белгіленген мерзімде және келісілген жерде өткізіледі.

10. Жиналыстарды, митингілерде, шерулерді, пикеттерді, демонстрацияларды өткізу кезінде уәкілдер (ұйымдастырушылар), сондай-ақ басқа да қатысушылар қоғамдық тәртіпті сақтау қажет.

11. Шараларды ұйымдастырушылар мен оларға қатысушылардың:

1) көліктің және жаяу жүргіншілердің қозғалысына бөгет жасауына;  
2) елді мекеннің инфрақұрылым объектілерінің үздіксіз жұмыс істеуіне кедергі келтіруіне;

3) Қостанай қаласының әкімдігінің рұқсатынсыз киіз үйлер, шатырлар, өзге де уақытша құрылыстар тұрғызуына;

4) шараны өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуші мемлекеттік органдар өкілдерінің қызметіне кез келген нысанда араласуына;

5) жасыл желектерге, шағын сәулет нысандарына залал келтіруіне;

6) өзімен бірге суық қаруды, атыс және өзге де қаруды, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қарсы, азаматтарға және заңды тұлғалардың

меншігіне материалдық залал келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін арнайы жасалған немесе бейімделген заттарды алып жүруіне;

7) алкогольдік немесе есірткілік масаң күйде қатысуға жол берілмейді.

12. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу орындарында:

1) алкогольдік ішімдіктер ішуге, есірткі заттарды, психотропты заттарды, соған ұқсас заттарды, прекурсорларды пайдалануға;

2) мазмұны қоғамдық тәртіпті бұзуға, қылмыс жасауға бағытталған, сондай-ақ қорлайтын транспаранттарды, ұрандарды, басқа да материалдарды (визуалды, аудио/ видео), сондай-ақ көпшілік сөз сөйлеулерді қолдануға жол берілмейді.

13. Пикеттер өтініште көрсетілген мақсатқа сәйкес, белгіленген мерзімде және келісілген жерде өткізіледі.

14. Қоғамдық тәртіпті және пикет қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында:

1) түрлі дара пикеттердің қатысушыларына анық көрініп тұрып орналасу қажет;

2) Қостанай қаласының әкімдігі бір күні және бір уақытта, бір объектіде үштен аспайтын дара пикет өткізуге рұқсат бере алады;

3) пикет өткізу кезінде пикет өткізілетін объектінің алдында орналасуға, көрнекі үгіт құралдарын пайдалануға, пикеттің тақырыбы бойынша қысқа ұрандар, құлақтандырулар айқайлауға рұқсат етіледі.

15. Пикет жалғастырудың өзге нысаны (митинг, жиналыс, шеру, демонстрация) айқындалған жағдайда белгіленген тәртіппен Қостанай қаласының әкімдігінен рұқсат алу қажет.

16. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар егер оларды өткізу кезінде "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" 1995 жылғы 17 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабымен көзделген жағдайда Қостанай қаласының әкімдігі өкілінің талабы бойынша тоқтатылады.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 31.03.2020 № 466 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

17. Қостанай қаласының әкімдігі өкілінің заңды талабын орындаудан бас тартылған жағдайда оның нұсқауы бойынша ішкі істер органдары жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды және демонстрацияны тоқтату жөнінде қажетті шаралар қолданады.

18. Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды ұйымдастыру мен өткізудің белгіленген тәртібін бұзған

адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

19. Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды өткізу кезінде оларға қатысушылардың азаматтарға, қоғамдық бірлестіктерге, мемлекетке келтірген материалдық залалы үшін заңда белгіленген тәртіп бойынша өтем жасалуға тиіс.

20. Жиналыс, митинг, шеру, пикет және демонстрация өткізу кезінде, оның ішінде қоғамдық тәртіпті сақтау, үй-жайлар беру, санитарлық тазарту, жарық беру және техникалық қамсыздандыру жөніндегі барлық қосымша шығындарды оларды ұйымдастырушылар өтейді.

Жиналыстар, митингілер,  
шерулер, пикеттер және  
демонстрациялар өткізуді  
қосымша реттеу туралы  
қағидаларына 1-қосымша

## Жиналыстар және митингілер өткізу орындары

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 05.07.2016 № 52 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 20.12.2019 № 428 шешімімен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№ р/с	Жиналыстар және митингілер өткізу орындары
1	Тың игерушілер алаңы
2	Жеңіс паркі
3	Қобыланды батыр даңғылы және Қайырбеков көшесі шекараларындағы Текстильщикова көшесі бойындағы аллеясы

Жиналыстар, митингілер,  
шерулер, пикеттер және  
демонстрациялар өткізуді  
қосымша реттеу туралы  
қағидаларына 2-қосымша

## Шерулер және демонстрациялар өткізу маршруттары

Ескерту. 2 қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 05.07.2016 № 52 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№ р/с	Шерулер және демонстрациялар өткізу маршруттары
1	Орталық алаң – Жеңіс паркі (Қостанай облыс әкімдігінің ғимараты алдындағы орталық алаң – Баймағамбетов көшесі – Жеңіс көшесі – Жеңіс паркі)

2	Қостанай қаласының жағалауы – Сити-центр (Қостанай қаласының жағалауы (орталық кіре-беріске іргелес аумақ) – Әл-Фараби даңғылы – Сити-центр (субұрқакқа іргелес аумақ))
---	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК